

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрлігі  
«Ұлттық тестілеу орталығы» РМҚК  
директорының  
2021 жылғы « 9 » наурыз  
№ 90-НҚ бұйрығына  
қосымша

## Электрондық форматтағы ұлттық бірыңғай тестілеуді ұйымдастыру және өткізу бойынша нұсқаулық

### 1-бөлім. Жалпы ережелер

1. Ұлттық бірыңғай тестілеуді (бұдан әрі - ҰБТ) ұйымдастыру және өткізу келесі кезеңдерді құрайды:

- 1) ҰБТ-ға қатысатын тестіленушілердің деректер базасын қалыптастыру;
- 2) тестілеуді өткізуге дайындық;
- 3) тестілеуді өткізу;
- 4) апелляция өткізу;
- 5) атқарылған жұмыс бойынша есеп дайындау.

2. Осы Нұсқаулық тестілеуді ұйымдастыру және өткізу бойынша төменде аталғандардың іс-әрекеттері мен негізгі функцияларын анықтайды:

- 1) Ұлттық тестілеу орталығы (бұдан әрі – Орталық);
- 2) Орталық филиалдары;
- 3) “U Study” аймақтық тестілеу орталықтары (бұдан әрі - “U Study” АТО);
- 4) аймақтық мемлекеттік комиссия;
- 5) ҰБТ өткізу пункті (бұдан әрі – ҰБТӨП);
- 6) аудитория бойынша кезекші қызметін атқаратын тестілеу администраторлары;
- 7) тестілеу администраторлары тобының жетекшісі;
- 8) ҰБТӨП-те техникалық құралдардың үздіксіз жұмыс істеуін бақылауды жүзеге асыратын “U Study” АТО-ның техникалық операторы (бұдан әрі – техникалық оператор);
- 9) ҚР БҒМ Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті және аумақтық Білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменттерінің қызметкерлері қатарынан болатын бақылаушылар;
- 10) Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) арнайы мониторинг тобының (бұдан әрі – АМТ) мүшелері және «Адалдық алаңы» республикалық жобалық кеңсесінің мүшелері қатарынан болатын бақылаушылар;
- 11) Республикалық апелляциялық комиссия (бұдан әрі – РАК).

ҰБТ-ны ұйымдастыру және өткізу бойынша жоғарыда көрсетілген тұлғалар өз қызметінде 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы», 2002 жылғы 8 тамыздағы «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы», 1999 жылғы 15 наурыздағы «Мемлекеттік құпиялар туралы», 2015 жылғы 18

қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарын, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығымен бекітілген Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын (бұдан әрі – Үлгілік қағидалар), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 2 мамырдағы № 204 бұйрығымен бекітілген Ұлттық бірыңғай тестілеуді өткізу және "Ұлттық бірыңғай тестілеу тапсырғаны туралы сертификат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидалары (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімі 15173 нөмірмен тіркелген) (бұдан әрі – Қағидалар), осы Нұсқаулықты басшылыққа алады.

Бұл Нұсқаулықта сондай-ақ тестілеудің әрбір кезеңінде карантин жағдайында медициналық-санитарлық шараларды сақтау бойынша талаптар ұсынылған.

## **2-бөлім. Тестілеуге онлайн өтініш беру**

3. Тестіленуші өтініш беру үшін:

- 1) app.testcenter.kz сайтына кіреді;
- 2) өтініш беру жүйесінде электронды мекенжай арқылы тіркеледі;
- 3) өтініш беру жүйесінде авторизациядан өтеді;
- 4) «Өтініш беру» бетіне өтеді;
- 5) өтініш беру үшін қажетті нысанды таңдайды;
- 6) өтінішті толтыруды жүзеге асырады;

7) тестілеу төлемін жасайды (*ағымдағы жылғы мектеп бітірушілерінің сәуір мен маусым аралығында 2 рет тегін тапсыруға мүмкіндігі бар*);

5. Барлық кезеңдерден сәтті өткеннен кейін «Сіздің өтінішіңіз қабылданды!» деген мәлімдеме шығады.

6. Егер тестіленушіге берілген өтінішті түзету қажет болса (тестілеу орны, күні мен уақытынан басқа), «Менің тарихым» бетіне өтіп, өтінішті ашып, «Өтінішті түзету» батырмасын басу керек».

7. Ақы төлеу бойынша сұрақтар Орталықтың жедел желі телефондары арқылы анықталады.

8. Орталықтың жедел желісінің байланыс телефондары Орталықтың сайтында орналастырылады (8(7172)695069)..

## **3 бөлім. Тестілеуді ұйымдастыру және өткізу**

9. Тестілеуді ұйымдастыру және өткізу жұмыстары барлық тестілеу қатысушыларының: Министрлік, Жоғары және жоғары орнынан кейінгі білім департаменті (бұдан әрі - ЖЖОКБД), ҚР БҒМ Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті (бұдан әрі – ҚР БҒМ БҒССҚК), аумақтық Білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті (бұдан әрі – БССҚД), Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің

(Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) арнайы мониторинг тобы (бұдан әрі – АМТ) және «Адалдық алаңы» республикалық жобалық кеңсесі, Орталық, Орталық филиалының басшылары мен сарапшылары, “U Study” АТО, тестілеу администраторлары, серіктес ұйымның техникалық операторы, Республикалық апелляциялық комиссия (бұдан әрі – РАК) төрағасы мен мүшелері, аймақтық мемлекеттік комиссия, аудитория кезекшісінің бірлескен қызметін қарастырады.

10. Тестіленуші тестілеуге қатысу үшін «Білім беру ұйымдары білім беру қызметінде пайдаланатын қатаң есептіліктегі құжаттардың нысанын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 23 қазандағы № 502 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4991 болып тіркелген) (бұдан әрі - № 502 бұйрық) бекітілген нысан бойынша белгіленген үлгі бойынша онлайн режимде өтініш береді.

11. «Өтініштерді қабылдау» бағдарламасы тестілеуге қатысатын тестіленушілердің деректерін (тегі, аты, әкесінің аты (бұдан әрі – ТАӘ.), жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі-ЖСН), электрондық поштасы, байланысу телефоны, азаматтығы, ұлты, жынысы, шет тілі бойынша халықаралық сертификаттары, білім беру ұйымы, тестілеу тапсыру тілі, бейіндік пәндер комбинациясы, тестілеу орны, тестілеу күні мен уақыты) қамтиды.

12. Қағидаларда белгіленген мерзімде тестілеу өткізіледі.

13. Тестіленушілер ғимаратқа бір-бірден кіргізіледі, бұл ретте түсушілердің жеке басы бетінің көлемдік-кеңістіктік формасының сканерленуі арқылы сәйкестендіріледі және тестілеуге жіберіледі.

ҰБТ өткізу пунктiнiң ғимаратына кiре берiсте түсушiге осы Қағидаларға 30-қосымшаға сәйкес нысан бойынша "Денсаулық күйiнiң қанағаттанарлығын растау, ҰБТ өткізу қағидаларымен танысу және тыйым салынған заттарды алып өткенi үшін жауапкершiлiк алу туралы" танысу актiсi (электрондық формат) ұсынылады.

Тестілеуге кіргізу барысында бөгде адам анықталған жағдайда тестілеу администраторы Қағидаларға 32-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тестілеуге жіберу барысында бөгде тұлғаны анықтау (электрондық формат) актiсiн жасайды, түсушi ағымдағы жылы тестілеуге кіргізілмейді.

14. Тестілеуге кіргізу кезінде қол және рамалық металл іздегіштер пайдаланылады. Тестілеуге кіргізу кезінде металл іздегіштерді қолдану тестілеу өткізу барысында түсушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сондай-ақ олардың ғимаратқа төмендегі тыйым салынған заттарды: ақпараттарды тасымалдау функциясымен жабдықталған ұялы байланыстар, оның ішінде пейджер, ұялы телефондар, планшеттер, iPad (Айпад), iPod (Айпод), SmartPhone (Смартфон), ноутбуктер, плейерлер, модемдер (мобильді роутерлер), радио-электрондық байланыстың барлық түрлері, оның ішінде (Wi-Fi (Вай-фай), Bluetooth (Блютуз), Dect (Дект), 3G (3 Джи), 4G (4 Джи), 5G (5 Джи), смарт сағаттар, калькулятор, сымды және сымсыз құлаққаптар,

шпаргакалар, оқу-әдістемелік әдебиеттерді алып кіруіне жол бермеу үшін қолданылады.

15. Тестілеуге кіргізу барысында металл іздегішпен тексеру кезінде тыйым салынған заттар табылған жағдайда, тестілеу администраторы Қағидаларға 31-қосымшаға сәйкес нысан бойынша «ҰБТ өткізу пунктiнiң ғимаратына кіргізу барысында металл іздегішпен тыйым салынған заттар табылған тестіленушіні ғимараттан шығару туралы (электрондық формат)» акт жасайды және түсуші ағымдағы жылғы тестілеуге жіберілмейді.

16. Тестілеу басталғанға дейін тестілеу администраторы тестілеу кезінде түсушілерге мінез-құлық ережелері бойынша нұсқаулық өткізеді. Компьютер интерфейсінде тестілеу кезіндегі мінез-құлық ережелері және тестілеу тәртібі туралы нұсқаулық шығады.

Тестілеу басталған сәттен бастап барлық сұрақтар мен түсіндірмелер тоқтатылады.

ҰБТ-ға 240 минут (4 сағат) беріледі (*Тестілеудің 60 минуты өткеннен кейін көзге арналған жаттығулар және дене жаттығуларына арналған 2 минут көлемінде үзіліс беріледі. Тестілеудің 120 минуты өткеннен кейін 15 минут көлемінде үзіліс беріледі (дәлелді себепсіз аудиториядан шығуға болмайды). Тестілеудің 180 минуты өткеннен кейін көзге арналған жаттығулар және дене жаттығуларына арналған 3 минут көлемінде үзіліс беріледі).*

Шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламалары топтарының түсушілеріне тестілеуге 65 минут (1сағат 5 минут) уақыт беріледі.

Шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламалары тобы бойынша білім алушы және басқа білім беру бағдарламалары тобына ауысуға ниет білдірген тұлғаларға тестілеуге 130 минут (2 сағат 10 минут) уақыт беріледі (*Тестілеудің 60 минуты өткеннен кейін көзге арналған жаттығулар және дене жаттығуларына арналған 2 минут көлемінде үзіліс беріледі).*

Қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін білім беру бағдарламалары бойынша оқуға түсушілер үшін ҰБТ-ға 120 минут (2 сағат) бөлінеді (*Тестілеудің 60 минуты өткеннен кейін көзге арналған жаттығулар және дене жаттығуларына арналған 2 минут көлемінде үзіліс беріледі).*

Шығармашылық дайындықты талап ететін, қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін білім беру бағдарламаларының ұқсас бағыттарына оқуға түсушілер үшін тестілеуге 80 минут (1 сағат 20 минут) уақыт беріледі.

17. Тестіленушілерді аудиторияларға кіргізу ҰБТ басталғандығы хабарланған сәтте тоқтатылады. Тестіленуші аудиториядан дәлелді себептермен (әжетханаға) уәкілетті тұлғаның алып жүруімен шыға алады.

18. Тестілеу кезінде аудиториядан шығу уәкілетті тұлғаның алып жүруімен ғана рұқсат етіледі.

19. Тестілеу кезінде аудиторияға аудитория бойынша кезекшілер, тестілеу администраторлары, АМТ мүшелері мен «Адалдық алаңы» өкілдері және БССҚД қызметкерлерінің кіруге құқығы бар.

20. Тестілеу аяқталғаннан кейін тестіленушілерге оның жауаптарымен талдау картасы шығады. Тестіленушілер ҰБТ нәтижелерімен (дұрыс және дұрыс емес жауаптар) танысады және келіспеген жағдайда тестілеу

аяқталғаннан кейін 30 минут ішінде негіздемелермен бірден РАК-қа ақпараттық коммуникациялық технологиялар арқылы апелляцияға береді.

21. РАК шешімі түпкілікті болып табылады және қайта қаралмайды.

22. Апелляция аяқталғаннан кейін тестіленуші апелляцияны ескере отырып, тестілеу нәтижелерімен жеке кабинетінде таныса алады.

#### 4-бөлім. Орталықтың функциялары

23. Орталық тестіленушілерден өтініштер қабылдау үшін, тестілеу өткізу үшін және апелляция өткізу үшін бағдарламалық жасақтаманы әзірлейді.

24. Деректер базасын қалыптастыру кезеңдері:

1) «Ұлттық бірыңғай тестілеуге өтініштер қабылдау» ақпараттық жүйесін сүйемелдеу;

2) тестілеу процесі бойынша статистикалық деректерді қалыптастыру;

3) тестілеу күндерінің кестесін жасау.

25. Тестілеуді өткізуге дайындық кезеңдері:

1) тестілеуге дейін осы Нұсқаулыққа 1-қосымшаға сәйкес Тестілеу өткізуге ҰБТ өткізу пункттерінің дайындығы туралы акт жасау;

2) тестілеу администраторларының және РАК мүшелерінің деректер базасын құру;

3) тестілеу администраторларын тестілеуді ұйымдастыру және өткізуге дайындау;

4) тестілеу администраторларын нормативтік құқықтық актілермен қамтамасыз ету;

5) тестілеу администраторларын және бақылаушыларды ҰБТӨП-ге бөлу.

26. Тестілеуді өткізу кезеңдері:

1) тестіленушілерді жұмыс үшін А4 форматтағы үш таза парақпен қамтамасыз ету;

2) тестілеудің өткізілуін бақылау;

3) ахуалдық орталық жұмысын ұйымдастыру;

4) тестілеу нәтижесін беру;

5) күнделікті статистикалық мәліметтерді жинау.

27. Апелляцияны өткізу кезеңі:

1) апелляцияға өтініш қабылдау;

2) РАК жұмысы үшін жағдайларды қамтамасыз ету;

3) апелляцияны сүйемелдеу;

4) апелляция нәтижесі бойынша тестілеу нәтижесін беру.

28.

1) тестіленушілердің нәтижелері бар сертификаттарды жариялау.

29. Тестілеу қорытындылары бойынша тестілеу администраторларының есептерін жинау.

**Күшейтілген медициналық-санитарлық шаралар:**

30. Карантин жағдайында медициналық-санитарлық нормаларға сәйкес ҰБТӨП-ті қамтамасыз етуге бақылауды және мониторингті жүзеге асыру. Осы

Нұсқаулыққа 2-қосымшаға сәйкес карантин жағдайында ҰБТӨП-тің медициналық-санитарлық нормаларға сәйкестігі туралы акт жасау.

31. Тестілеу кезінде медициналық маскалармен қамтамасыз ету және пайдаланылған маскаларды ауыстыруды бақылау.

32. ҰБТӨП-ті антисептикалық сұйықтықпен қамтамасыз ету.

### 5-бөлім. “U Study” АТО-ның функциялары

33. Тестілеуді өткізуге дайындық кезеңдері:

1) аудиториялық қорды қалыптастыру және жоспарлау;  
2) ҰБТӨП ғимараты мен аудиторияларының санитариялық-гигиеналық нормаларға сәйкестігін қамтамасыз ету;

3) ҰБТӨП-те тестіленушілердің жеке заттарын (сөмкелер, телефондар және т. б.) сақтауға арналған киім ілетін бөлмесімен және арнайы орынмен қамтамасыз ету;

4) ҰБТӨП-ті техникалық құралдардың үздіксіз жұмыс істеуін бақылауды жүзеге асыратын техникалық оператормен қамтамасыз ету;

5) электромагниттік өрісті өлшеу хаттамасын алуды ұйымдастыру;

6) ҰБТӨП-ті медициналық персоналдың жұмысы үшін бөлмемен қамтамасыз ету;

7) ҰБТӨП-тегі тестілеу администраторлары мен Орталық арасында жедел ақпарат алмасу үшін жүйені іске қосуды қамтамасыз ету;

8) ҰБТӨП-те ақпарат алмасу жүйесін қадағалауға және бейнебақылау камераларының жергілікті жерде мониторинг жүргізуге арналған жұмыс орынмен қамтамасыз ету;

9) тестілеу процесін онлайн-трансляциялауды қамтамасыз ету;

10) аудиторияларды, компьютерлерді және техникалық құрылғыны тестілеуге дайындау. Әрбір отыратын орын нөмірленуі және жеке камерамен жабдықталуы тиіс. Компьютерлері бар отырғызу орындарының саны тестіленушілердің жоспарланған санына сәйкес келуі тиіс.

34. Тестілеуді өткізу кезеңдері:

1) ҰБТӨП қызметкерлерінің тестілеуге келуін қамтамасыз ету;

2) Тестілеу администраторы мен ҰБТӨП қызметшілерінің жұмысы үшін жағдай ұйымдастыру;

3) медициналық персоналдың жұмысын қамтамасыз ету;

4) мүгедек балалар үшін жеке орынның болуын қамтамасыз ету;

5) аудиторияларды су диспенсерімен қамтамасыз ету;

6) қоғамдық тәртіптің сақталуын, ұялы байланысты, радиоэлектрондық және ұялы байланыс сигналдарын өшіретін және бейнебақылау құралдарын пайдалануды ұйымдастыру;

7) рамалы және (немесе) қол металл іздегішпен, бет-әлпетті сәйкестендіру жүйесімен қамтамасыз ету;

8) электр қуатының және телекоммуникациялық байланыстың үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету;

9) тестіленушілерді тіркеуге және аудиторияға кіргізуге арналған есіктерде, холлда, дәлізде тәртіптің сақталуын бақылау;

10) тестілеу процесіне қатысатын аймақтарда (ғимаратқа кіру тобы, тестілеу залдары) орнатылған бейнебақылау камераларында жазылған бейнежазбаларды сапасын жоғалтпай, сақтауды қамтамасыз ету.

**Күшейтілген медициналық-санитарлық шаралар:**

35. Карантиндік шаралар кезінде санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды сақтау үшін әрбір пунктті қамтамасыз етуі тиіс:

- 1) әлеуметтік қашықтықты сақтау үшін жылжымалы ленталармен;
- 2) кіреберісте тестіленушілердің дене температурасын бақылауға арналған қондырғылармен (аспаптармен);
- 3) дезинфекциялық кілемшелермен;
- 4) кіреберісте, холлдарда, лифтілерге кіреберісте, санитариялық тораптарда тері антисептиктеріне арналған санитайзерлермен;
- 5) жуу құралдарымен;
- 6) санитариялық тораптардағы жеке гигиена құралдарымен (сұйық сабын, дәретхана қағазы);
- 7) қозғалыс қарқындылығы байқалатын адамдар көп жиналатын орындарда әлеуметтік қашықтықты сақтау үшін едендегі белгілер арқылы немесе шектеу тіректері арқылы орындарды белгілеумен;
- 8) бактерицидті шамдармен немесе рециркуляторлармен (әр залда);
- 9) пайдаланылған медициналық бетперделерге, қолғаптарға арналған қоқыс жәшігімен жабдықталады;
- 10) әр лектен кейін аудиторияларда ылғалды тазалау жұмыстары мен кварцтау жүргізу.

**6-бөлім. Аймақтық мемлекеттік комиссияның функциялары**

40. Аймақтық мемлекеттік комиссия жұмысын Қағидалардың 84-тармағына сәйкес ұйымдастырады.

41. Аймақтық мемлекеттік комиссия:

- 1) құқық қорғау органдарының өкілдерімен бірлесіп, тестілеу басталғанға дейін ғимаратты терроризмге қарсы қорғалу мәніне тексеруді;
- 2) тестілеуге кіргізу, сондай-ақ тестілеуді өткізу кезеңінде қоғамдық тәртіпті сақтауды қамтамасыз етуді;
- 3) ҰБТ өткізу пунктеріндегі санитарлық-профилактикалық шаралардың сақталуы бойынша жоспарды жергілікті жердегі Бас мемлекеттік санитарлық дәрігермен келісуді;
- 4) ҰБТ өткізу кезінде медициналық қызметкерлермен жұмысты;
- 5) көру, есту қабілеті, тірек-қозғалыс аппаратының функциялары бұзылған мүгедектер мен мүгедек балалар үшін мүгедектігі туралы белгіленген құжатты көрсеткен жағдайда ҰБТ шеңберінде тапсырылатын пән мұғалімі болып табылмайтын немесе ымдау тілін меңгерген маман беруді ұйымдастырады.

42. Бұл ретте аймақтық мемлекеттік комиссия төрағасы мен мүшелері тестілеу өткізу барысына қатыса алмайды.

### 7-бөлім. Тестілеу администраторының функциялары

43. Тестілеуді өткізуге дайындық кезеңдері:

- 1) Орталықтан нормативтік-құқықтық актілерді алу;
- 2) оқудан өту.

44. Тексеруді жүзеге асыру:

- 1) тестілеу администраторының жұмыс орындарының дайындығы;
- 2) аудиториялардың тестілеуге дайындығы;
- 3) компьютерлердің тестілеуге дайындығы;
- 4) медициналық қызметкерлердің тізімі және олардың құжаттары;
- 5) қалааралық стационарлық телефон;
- 6) тестілеу технологиясын сақтауға арналған техникалық жабдықтардың дайындығы (ұялы байланысты, радиоэлектрондық және ұялы байланыс сигналдарын өшіретін құралдар, бейнебақылау жүйесі).

45. Тестілеуді өткізу кезеңдері:

- 1) тестілеу процесін бақылау және басқару;
- 2) аудиториялардағы ұялы байланысты, радиоэлектрондық және ұялы байланыс сигналдарын өшіретін құралдарының, бейнебақылау жүйесінің жұмыс істеуін бақылау;
- 3) тестіленушілердің жеке басын сәйкестендіруді жүзеге асыру;
- 4) тестіленушілерді аудиторияға кіргізуді және отырғызуды жүзеге асыру;
- 5) тестіленушілерге тестілеуде тәртіп сақтау қағидаларын, бағдарламамен жұмыс істеу тәртібін түсіндіру;
- 6) аудиторияда өзін-өзі ұстау ережелерін сақтау процесін бақылау және басқару;
- 7) тестілеу барсында берілген үзілістер кезінде тестіленушілердің тәртібін бақылау;
- 8) тестілеу кезінде техниканың техникалық ақауы болған жағдайда бақылаушылармен бірлесіп, Қағидаларға 33-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тестілеу кезінде техниканың техникалық ақауын анықтау актісін жасау және Орталыққа хабарлау;
- 9) тыйым салынған заттар табылған және аудиторияда тәртіп сақтау ережелері бұзылған жағдайда, Қағидаларға 34-қосымшаға сәйкес нысан бойынша акт жасай отырып, тестіленушіні шығару туралы Орталықпен бірлесіп шешім қабылдау;
- 10) ҰБТӨП ғимаратына кіргізу барысында және тестілеуді өткізу барысында бөгде тұлға анықталған жағдайда, Қағидаларға 35-қосымшаға сәйкес нысан бойынша акт жасай отырып, Орталықпен бірлесіп шешім қабылдау;
- 11) аудиториялар мен дәліздерде тәртіп сақтау ережелері мен тәртіптің сақталуын бақылау, тестіленушілердің тәртіп сақтау ережелері бұзылған

жағдайларда актілер жасау.

46. Апелляцияны өткізу кезеңдері:

1) тестілеу аяқталғаннан кейін 30 минут ішінде апелляцияға онлайн өтініш беру бойынша тестіленушілерді хабардар ету.

47. Тестілеу туралы есеп беру кезеңдері:

1) тестілеу өткізудің әрбір кезеңінің аяқталғаны туралы телекоммуникация құралдары бойынша Орталықты хабардар ету;

2) Орталыққа қағаз және электрондық нұсқада қажетті құжаттар мен есепті дайындау және тапсыру.

**Күшейтілген медициналық-санитарлық шаралар:**

48. Тестілеу кезінде пайдаланылған медициналық маскаларды ауыстыруды бақылау.

49. Кіргізу кезінде дене қызуы жоғары ( $37^{\circ}\text{C}$  және одан жоғары) тестіленуші анықталған жағдайда Орталыққа хабарлау қажет.

### **8-бөлім. “U Study” АТО қызметкерлерінің және техникалық операторының функциялары**

50. Тестілеуді өткізуге дайындық кезеңі:

1) аудиториялардың тестілеуге дайындығын қамтамасыз ету;

2) тестілеу администраторының жұмыс орындарының дайындығын қамтамасыз ету;

3) техникалық жабдықтардың дайындығын қамтамасыз ету;

4) тестілеуді өткізу үшін бағдарламалық жасақтаманы орнату және баптау;

5) тестілеу администраторы үшін қажетті актілер мен нысандарды басып шығару;

6) тестілеу технологиясын сақтауға арналған техникалық жабдықтардың дайындығын (металлиздегіштерді, ұялы байланысты, радиоэлектрондық және ұялы байланыс сигналдарын өшіретін құралдарын, бейнебақылау жүйесі (ғимаратқа кіру тобы, тестілеу залдары, тестілеу компьютерлері)) қамтамасыз ету.

51. Тестілеуді өткізу кезеңі:

1) тестілеу администраторымен бірлесіп, ұялы байланысты, радиоэлектрондық және ұялы байланыс сигналдарын өшіретін құралдарының, бейнебақылау жүйесінің жұмыс істеуін бақылауды жүзеге асыру;

2) аудиторияға (компьютерлік класс) тестілеу администраторының шақыруымен тестілеу кезінде техникалық ақау орын алған жағдайда техниканың жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін кіре алады.

### **9-бөлім. БҒССҚК және БССҚД қызметкерлері қатарынан болатын бақылаушылардың функциялары**

52. Тестілеуді өткізу кезеңі:

1) БҒССҚК және БССҚД қызметкерлері қатарынан болатын

бақылаушылар барлық аудиториялар бойынша бейнебақылау мониторын қарай алады;

2) тестіленушілер қағидаларды бұзған жағдайда (телефон, шпаргалка және т.б.), тестілеу администраторына хабар береді. Тестілеу администраторы кезекшімен бірлесіп, акт жасап, тестіленушіні аудиториядан шығарады. Бұл ретте аудитория ішінде артық жүріс рұқсат етілмейді;

3) тестілеудің барлық кезеңдерінде тестілеудің барлық қатысушыларына өте сыпайы болуы қажет. Тестіленушілердің алдында тартысты жағдайдың, дау-дамайдың және т.б. болуы рұқсат етілмейді. Барлық даулы мәселелер Орталықпен келісіліп, шешілуі қажет;

4) БҒССҚК және БССҚД өкілдері тестілеуге дейін және тестілеу барысында аудиторияларды, дәліздерді, әжетханаларды тыйым салынған заттарға тексеруге құқықтары бар.

### **10-бөлім. АМТ және «Адалдық алаңы» кеңселік жоба мүшелері қатарынан болатын бақылаушылардың функциялары**

53. АМТ және «Адалдық алаңы» мүшелері қатарынан болатын бақылаушылар барлық аудиториялар бойынша бейнебақылау мониторын қарай алады және олар аудитория бойынша кезекші функциясын атқармайды.

54. Тестіленушілер қағидаларды бұзған жағдайда (телефон, шпаргалка және т.б.), тестілеу администраторына хабар береді. Тестілеу администраторы кезекшімен бірлесіп, акт жасап, тестіленушіні аудиториядан шығарады. Бұл ретте аудитория ішінде артық жүріс рұқсат етілмейді.

55. Тестілеудің барлық кезеңдерінде тестілеудің барлық қатысушыларына өте сыпайы болуы қажет. Тестіленушілердің алдында тартысты жағдайдың, дау-дамайдың және т.б. болуы рұқсат етілмейді. Барлық даулы мәселелер Орталықпен келісіліп, шешілуі қажет.

56. АМТ және «Адалдық алаңы» мүшелері қатарынан болатын бақылаушылардың тестілеуге дейін және тестілеу барысында аудиторияларды, дәліздерді, әжетханаларды тыйым салынған заттарға тексеруге құқықтары бар.

### **11-бөлім. Аудиториялық қорды жоспарлау**

57. “Ustudy” АТО-ғы жауапты адам ҰБТ өткізілетін аудиториялық қорды жоспарлау кезінде мынадай талаптарды ескереді:

- 1) аудиториялар бір ғимараттың (корпустың) ішінде орналасады;
- 2) отыратын орындар саны: 1 адамға бір компьютер есебінен анықталады;
- 3) әрбір компьютер жеке камерамен жабдықталады.

58. Тестілеуді өткізу қарастырылған аудиториялар және кіру беріс бейнебақылау құралдарымен жабдықталады.

## **12-бөлім. Металліздегіштердің жұмысқа жарамдылығын тексеру**

59. Тестілеуге кіргізудің алдында металліздегіштердің сезімталдығының қажетті талаптарға сәйкестігін тексеру жүргізіледі (тестіленушілерден тыйым салынған заттардың табылуы).

60. Рамалық металліздегіштерді тексеру барысында металдан жасалған бұйымдардың барлығын шешіп, металліздегіштен жаяу жүргіншінің қалыпты жылдамдығымен өту қажет. Металдан жасалған бұйым табылған кезде металліздегіш дыбысты сигнал береді және оның екі жағындағы бағандарда заттың қай жерден табылғандығы көрсетіледі.

61. Қолмен іздейтін металліздегішті тексеру кезінде тиісті түймені басу арқылы қосу керек және дыбыстық белгісінің берілуі мен жарық индикаторының жұмыс істейтіндігіне көз жеткізу үшін оны метал бұйымының үстінен өткізу арқылы тексеру қажет.

62. Тестілеуге кіргізу барысында металліздегіштердің жұмыс істеу сапасын тексеріп отыру қажет.

63. Тестілеуге кіргізу барысында тестіленушілерді металліздегіштермен тексеріп кіргізуді тестілеу администраторлары жүргізеді.

64. АМТ және «Адалдық алаңы» мүшелері қатарынан болатын бақылаушылар, сонымен қатар БҒССҚК және БССҚД қызметкерлері қатарынан болатын бақылаушылар тестіленушілерді металліздегішпен тексеру сапасын бақылайды, ереже бұзушылық анықталған жағдайда тестілеу администраторлары тобының жетекшісін хабардар етуі тиіс және жетекшімен бірлесіп, ереже бұзушылықтарды жою туралы шаралар қабылдайды.

65. Тестіленушілерді металліздегішпен тексеру барынша әдептілікті сақтай отырып жүргізілуі қажет, тыйым салынған заттар табылған жағдайда (құралға тән дыбыс) тестілеуге кіргізбеу туралы тиісті акт жасалады. Тестіленуші тестілеуге кіргізілмейді.

66. Металліздегіштердің дұрыс жұмыс істеуі үшін олардың жанында қуаты күшті электромагниттік сәуле шығару көздерінің, сонымен қатар қозғалыстағы метал бұйымдарының (есіктер, эскалаторлар) болмауы ұсынылады.

## **13-бөлім. Ұялы байланыс сигналдарын өшіретін құралдардың жұмысқа жарамдылығын тексеру**

67. Тестілеу администраторы ұялы байланыс сигналдарын өшіретін құралдардың әрекет ету радиусында түрлі байланыстағы бірнеше ұялы телефондардан қоңырау шалу және ұялы телефон арқылы интернетке кіру мүмкіндіктерін тексеру қажет.

68. Құқық қорғау органдарының радиоқабылдағыштарының жұмыс істеуі үшін UHF (400-470 МГц), VHF (135-174 МГц), 315 (315 МГц), 433 (433 МГц) жиіліктерді қосу.

69. Ұялы байланыс сигналдарын өшіретін әрбір құралдардың (аудиториядағы және дәліздегі (бар болған жағдайда)) қосылуын бақылау.

70. Тестілеу өткізу барысында әрбір құралдың жұмыс жасау сапасын кемінде 3 рет тексеру және есепте көрсету.

71. Құралдардың уақытынан бұрын өшіп қалмауын болдырмау үшін ұялы байланыс сигналдарын өшіретін құралдарды тестілеу басталар алдында ғана қосу қажет.

#### **14-бөлім. Тестіленушілерді аудиторияға кіргізу және отырғызу**

72. Тестіленушілерді кіргізу және отырғызу Қағидалардың 75 және 76-тармақтарына сәйкес жүзеге асырылады.

ҰБТӨП-ке тестіленушілерді кіргізу түсушілер ғимаратқа бір-бірден кіргізіледі, бұл ретте түсушілердің жеке басы адам бетінің көлемдік-кеңістіктік формасының сканерленуі арқылы сәйкестендіріледі немесе тестіленушінің сыртқы келбетін жеке куәлікпен салыстыру арқылы жүзеге асырылады. 16 жасқа толмаған, жеке куәлігі жоқ оқушыларда білім беру ұйымының бірінші басшысының қолымен және мөрімен расталған анықтама және туу туралы куәлік болуы тиіс. Шетелде білім беру ұйымдарын бітірген және Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын адамдардың өздерімен бірге паспорты болуы тиіс.

73. Тестілеуге кіргізу барысында металліздегіштердің бір түрі: қолмен іздейтін немесе рамалық металліздегіш қолданылады. Тестілеуге кіргізу барысында металліздегіштер қоғамдық тәртіпті және ҰБТ өткізу кезінде халықтың жаппай жиналған жерлерінде тестіленушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін, сонымен қатар ҰБТӨП ғимаратына тыйым салынған заттарды кіргізбеу үшін қолданылады. Тестілеуге кіргізу барысында тыйым салынған заттар анықталған жағдайда, Қағидалардың 31-қосымшасына сәйкес акт жасалып, тестіленуші тестілеуге кіргізілмейді.

74. Тестілеуге кіргізу барысында металліздегіштерді қолдануды тестілеу администраторлары жүзеге асырады. Тексеру рәсімін бақылауды тестілеу администраторлары тобының жетекшісі және бақылаушылар іске асырады.

75. ҰБТӨП ғимаратына кіргізу барысында бөтен тұлға анықталған жағдайда Қағидалардың 32-қосымшасына сәйкес акт жасалады, бөтен тұлға және орнына заңсыз тұлға кіргізуге әрекет жасаған тестіленуші тестілеуге жіберілмейді. Түсуші ағымдағы жылы тестілеуге кіргізілмейді.

76. Тестіленушілерді аудиторияларға кіргізу ҰБТ басталғандығы хабарланған сәтте тоқтатылады.

77. ҰБТ кезінде аудиторияға тестілеу администраторлары, АМТ мүшелері мен «Адалдық алаңы» өкілдері, БССҚД өкілдері кіруге құқылы.

78. “U Study” АТО-ның техникалық операторы тек тестілеу администраторының шақыруымен тестілеу кезінде техниканың техникалық ақауы орын алған жағдайда, тестілеу администраторымен бірге аудиторияға кіре алады.

79. ҰБТӨП-те ҰБТ өткізу кезінде тестілеу администраторлары, тестілеу администраторлары тобының жетекшісі, бақылаушылардан басқа барлық тестілеу қатысушыларына ұялы телефондарды пайдалануға тыйым салынады.

80. Тестіленуші кейбір ерекше жағдайларда (мысалы, Қағидалардың 16-тармағында көрсетілген дәлелді себептер бойынша (денсаулық жағдайы бойынша, жақын туыстары қайтыс болуына байланысты, төтенше жағдайлар кезінде)) тестілеу күнін өзгерту туралы өтініш береді. Өтініш Орталық директорының атына беріледі. Өтінішке растайтын құжаттар қоса беріледі. Отырғызу, егер ҰБТӨП-те лектерде және аудиторияларда бос орындар болған жағдайда ғана жүргізіледі.

#### **Күшейтілген медициналық-санитарлық шаралар:**

81. Аудиториялардағы орындар тестіленушілердің арасында әлеуметтік арақашықтық сақталынып орналастырылады.

#### **82. Аумақтың қоршалуы:**

Ғимараттың аумағын қоршау құқық қорғау органдарымен жүзеге асырылады. Бұл ретте тестіленушілер үшін ғимараттың аумағына барлық мүмкін жақтан кіру мүмкіндігі болуы керек. Бір ғана кіретін жер болса, адамдар жиналып қалуы мүмкін. Ғимарат аумағына тек тестіленушінің өзі, ата-ана, мұғалім, туысқандар және басқа адамдардың алып жүруінсіз кіреді. Аймақтық мемлекеттік комиссия құқық қорғау органдарымен бірлесіп, ата-аналардың, мұғалімдердің, туысқандардың және басқа адамдардың қоршау сызығынан тыс жерде жиналуын болдырмау бойынша шараларды қамтамасыз етеді.

#### **83. Ғимараттың алдында:**

Ғимаратқа кіретін жерде кезекке арналған бірнеше жылжымалы ленталар - баркадалар (әуежайдағыдай) орналастырылуы қажет. Ленталар әр түрлі жерден бір бірінен алыс қашықтықтан бастау алып, кіретін жерге қарай бағытталуы керек. Әр лента «зигзаг» түрінде орнатылуы қажет. Әр «зигзаг» бұрышының келесі бұрыштан ара қашықтығы кемінде 2 метр болуы қажет. Кіргізу барысында кіретін есікке дейінгі қозғалыс тоқталып қалса, әр бітіруші «зигзаг» бұрышында жалғыз өзі тұруы тиіс. Сәйкесінше бітірушінің алдағы және арттағы адамдармен арасындағы қашықтығы кемінде 2 метр болады.

#### **84. Ғимаратқа кіргізу:**

Тестіленуші аяқ киімін және қолын санитайзермен дезинфекциялайды.

Келесі кезеңде тестіленуші термобақылаудан өтуі тиіс. Тестіленушіде дене қызуы (37°C және жоғары) анықталған жағдайда, оған кезекші медициналық қызметкерлердің бригадасы шұғыл көмек көрсетеді.

Тестіленуші бет-әлпетті сәйкестендіру жүйесі арқылы жеке басын сәйкестендіруден өтеді. Рұқсаттамасы бар тестіленушілер рұқсатта мен жеке куәлігімен кіреді, бұл ретте тепловизор мен сәйкестендіруді жүргізетін адам арасында кемінде 2 метр қашықтық болуы керек.

Медициналық-санитарлық бақылаудың барлық кезеңдерінен өткен соң тестіленушіге маска беріледі. Бұл ретте тестіленуші тестілеу пунктіне киіп келген маскасын арнайы қоқыс жәшігіне тастайды. Қолданылған маскалар сол

күні жойылуы тиіс. Қолданылған маскалардың жойылуына “U Study” АТО жауапты болып табылады.

1) Тестіленуші өз денсаулығының қанағаттанарлық жағдайын, ҰБТ өткізу ережелерімен танысқандығын және тыйым салынған заттарды алып кіру үшін жауапкершілігін растап, Қағидалардың 30-қосымшасына сәйкес актке қол қояды. Сәйкестендіру жүргізетін адам мен қол қоятын үстелдің арасында кемінде 2 метр қашықтық болуы керек.

Ғимаратқа кіретін жерде металліздегіштен бұрын заттарды сақтауға арналған орындар қарастырылуы қажет. Тестіленуші заттарды сақтауға арналған орынға өтіп, заттарын қалдырады. Қол қоюға арналған үстел мен заттарды сақтауға арналған орынның арасында кемінде 2 метр қашықтық болуы керек.

2) Келесі кезең – металліздегіштен өту. Тыйым салынған заттар табылған жағдайда, тиісті акт жасалып, тестіленуші тестілеуге кіргізілмейді. Заттарды сақтауға арналған орын мен металліздегіштің арасында кемінде 2 метр қашықтық болуы керек.

Барлық тексерушілер (тепловизор, сәйкестендіру, қол қоюға арналған үстел, металліздегіш) маскада болуы керек.

#### **85. Аудиторияға өту жолы:**

Әр қабаттағы дәліздерде санитайзерлер орнатылады. Заттардың бетіне қол тигізуді барынша болдырмау үшін дәліздер мен аудиториялардағы барлық есіктер ашық болады.

#### **86. Аудиторияны дайындау және тестіленушілерді отырғызу тәртібі:**

Ауаны және заттарды залалсыздандыру үшін тестілеу басталғанға дейін аудиторияларда кварцтау жүргізілуі қажет (ультракүлгін шамды қолдана отырып). Кварцтаудан соң аудиторияларды желдетіп алу қажет. Кварцтау журналында кварцтау шамының жұмыс уақыты бойынша есеп жүргізу қажет. Бұл ретте аудиториалар үнемі желдетіліп тұруы тиіс.

Аудиторияны кварцтауды тестілеу аяқталған соң қайта жүргізу қажет. Қолданылған маскаларды жинауға арналған тасымалды қоқыс жәшігі болуы қажет.

### **15-бөлім. Тестілеу тәртібі**

87. Тестілеу басталғанға дейін тестілеу администраторы тестілеу кезінде түсушілерге мінез-құлық ережелері бойынша нұсқаулық өткізеді.

88. Тестілеу басталған сәттен бастап барлық сұрақтар мен түсініктемелер тоқтатылады.

89. Пайдалану үшін әр тестіленушіге А4 форматындағы үш парақ беріледі.

90. Тестілеуді бастау үшін түсушіге:

- компьютер экранындағы өрісте жеке сәйкестендіру нөмірі мен паролін көрсету немесе адам бетінің көлемдік-кеңістіктік формасының сканері арқылы авторизациялау.

- ҰБТ тестілеу интерфейсін ашу;

- тестілеу тапсыру тілін таңдау, бұл ретте тестілеу басталғаннан кейін тестілеуді тапсыру тілі өзгермейді;

- бейіндік пәндер комбинациясын таңдау және таңдаудың дұрыстығын растау;

- ҰБТ тапсыруға кірісу.

91. Тестілеу кезінде техниканың техникалық ақауы болған жағдайда түсуші тестілеу администраторына хабарлау қажет. Тестілеу администраторы бақылаушылармен бірлесіп, Қағидаларға 33-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тестілеу кезінде техниканың техникалық ақауын анықтау актісін жасайды.

92. ҰБТ-ға 240 минут (4 сағат) беріледі:

- *тестілеудің 60 минуты өткеннен кейін көзге арналған жаттығулар және дене жаттығуларына арналған 2 минут көлемінде үзіліс беріледі.*

- *тестілеудің 120 минуты өткеннен кейін 15 минут көлемінде үзіліс беріледі.*

- *тестілеудің 180 минуты өткеннен кейін көзге арналған жаттығулар және дене жаттығуларына арналған 3 минут көлемінде үзіліс беріледі.*

Шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламалары топтарының түсушілеріне тестілеуге 65 минут (1 сағат 5 минут) уақыт беріледі.

Шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламалары тобы бойынша білім алушы және басқа білім беру бағдарламалары тобына ауысуға ниет білдірген тұлғаларға тестілеуге 130 минут (2 сағат 10 минут) уақыт беріледі:

- *тестілеудің 60 минуты өткеннен кейін көзге арналған жаттығулар және дене жаттығуларына арналған 2 минут көлемінде үзіліс беріледі.*

Қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін білім беру бағдарламалары бойынша оқуға түсушілер үшін ҰБТ-ға 120 минут (2 сағат) бөлінеді:

- *тестілеудің 60 минуты өткеннен кейін көзге арналған жаттығулар және дене жаттығуларына арналған 2 минут көлемінде үзіліс беріледі.*

Шығармашылық дайындықты талап ететін, қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін білім беру бағдарламаларының ұқсас бағыттарына оқуға түсушілер үшін тестілеуге 80 минут (1 сағат 20 минут) уақыт беріледі.

93. Тестілеу аяқталғаннан кейін компьютер экранында оның жауап нұсқасы мен дұрыс жауаптар коды көрсетілген түсушінің тестілеу нәтижелерін талдау картасы, сондай-ақ әрбір тест тапсырмасы бойынша жиналған балл және блоктар бойынша жиналған баллдардың сомасы мен ҰБТ жалпы балы көрсетіледі.

Одан әрі компьютер экранында «апелляцияға өту» және «апелляциясыз аяқтау» батырмасы көрсетіледі.

«Апелляцияға көшу» батырмасын таңдаған жағдайда, түсуші 30 минут ішінде апелляцияға беру үшін дәлелді негіздемемен тест тапсырмаларына көшеді.

«Апелляциясыз аяқтау» батырмасын таңдаған кезде түсуші аудиториядан (компьютерлік кластан) кетеді. Бұл ретте "Апелляциясыз аяқтау" батырмасын таңдағаннан кейін тестіленуші кейіннен апелляцияға өтініш бере алмайды.

Тестілеу аяқталғаннан кейін тестіленуші барлық үш А4 парағын тестілеу администраторына тапсырады.

**Күшейтілген медициналық-санитарлық шаралар:****94. Терезелер және есіктер:**

Тестілеуден бұрын аудиториялар есіктер мен терезелердің бір уақытта ашық болуы арқылы желдетілуі тиіс (өтпелі желдету). Тиісті деңгейде үнемі желдетіліп тұруы үшін терезелер ашық болуы керек.

**95. Аудиториядағы тестілеу администраторлары:**

Тестілеу администраторлары үнемі маска киіп жүруі қажет.

**96. Әжетханаға шығу:**

Аудиториядан әр шыққан сайын тестіленушілер қолдарын санитайзермен өңдеуі тиіс. Әр қабаттағы дәліздерде санитайзерлер орнатылады. Заттардың бетіне қол тигізуді барынша болдырмау үшін дәліздер мен аудиториялардағы барлық есіктер ашық болады.

97. Тестілеу басталғаннан кейін 2 сағат өткен соң тасымалды қоқыс жәшігі арқылы қолданылған маскаларды жинау жүргізіледі. Тестіленушілерге жаңа медициналық маскалар беріледі.

**98. Медициналық қызметкерлер:**

Тестілеу аяқталғанға дейін ғимараттың жанында жедел жәрдем машиналары кезекшілік етуі қажет. Тестілеу пунктiнiң медициналық пунктiнде қосымша маскалар (тестіленушілер санынан кемінде 10% есебінен) және қолды өңдейтін сұйықтықтар болуы керек.

**16-бөлім. Апелляцияны өткізу**

99. Түсуші тестілеу нәтижелерімен келіспеген жағдайда, апелляцияға тест тапсырмаларының мазмұны бойынша өтініш бере алады.

100. Тестілеу аяқталғаннан кейін компьютер экранында «апелляцияға өту» және «апелляциясыз аяқтау» батырмалары көрінеді. Егер «апелляцияға өту» батырмасы таңдалса, түсуші апелляцияға дәлелді негіздемесімен өтініш беру үшін тест тапсырмаларына өтеді.

101. Апелляцияға өтініш тестілеу аяқталғаннан кейін 30 минут ішінде беріледі. Апелляцияға берілетін өтініштерді РАК қарайды.

102. Техникалық себептер бойынша апелляцияға өтінішті түсуші тестілеу кезінде береді. Түсуші тест тапсырмасының шартында дұрыс жауапты анықтауға қажетті фрагменттің (мәтін, сызбалар, суреттер, кестелер) жоқтығын анықтаған жағдайда экрандағы «техникалық апелляция» қосымшасына белгі қояды.

103. Тест тапсырмаларын қайта қарастыру бойынша апелляцияға арналған өтініште тест тапсырмасы бойынша дәлелді негіздеме (толық түсіндірме, тапсырманың толық шешімі) берілуі қажет.

104. Тест тапсырмаларының мазмұны бойынша апелляция дұрыс жауап дұрыс жауаптар кодымен сәйкес келмеген, дұрыс жауап болмаған, бір дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмаларында бірден көп дұрыс жауап болған, тест тапсырмасы дұрыс құрылмаған жағдайларда қарастырылады.

105. Әрбір тест тапсырмасына дәлелді негіздемесін (толық түсіндірме, есептердің толық шешімі) көрсетпей барлық тест тапсырмаларын қайта қарастыру жөніндегі апелляциялық өтініш қарастырылмайды.

106. Түсуші максималды балл алған тест тапсырмасы бойынша апелляцияға бере алмайды.

107. Апелляция нәтижелері РАК шешімінен кейін (30 (отыз) жұмыс күні ішінде) тестіленушінің жеке кабинетінде көрсетіледі.

### **17-бөлім. Тестілеу нәтижелері**

108. ҰБТ нәтижелері тестілеу аяқталғаннан кейін беріледі, сондай-ақ тестілеу нәтижелері Орталық [www.testcenter.kz](http://www.testcenter.kz) сайтында жарияланады.

109. Апелляция аяқталғаннан кейін тестіленуші апелляцияны есепке алғандағы тестілеу нәтижелерімен жеке кабинетінде және (немесе) Орталық сайтында ТЖК және ЖСН енгізу арқылы таныса алады.

110. Тестілеуді тапсырғандығы жөніндегі электрондық сертификат тестілеу аяқталғаннан кейін немесе апелляция өтініші (апелляцияға берілген жағдайда) қарастырылған соң тестіленушілердің жеке кабинетінде және веб-интерфейсте болады. Түсуші қажет болған жағдайда электронды сертификатты ТЖК және ЖСН енгізу арқылы жүктеп ала алады.

111. Электронды сертификат жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткенде жарамды болып табылады.

### **18-бөлім. Тестілеу өткізу процесінің бейнежазбасын дайындау**

113. Тестілеу администраторы тестілеу кезеңінде бейне жазбалардың жазылғандығын тексеруі тиіс.

### **19-бөлім. Атқарылған жұмыстар туралы есеп**

114. Барлық жұмыс аяқталғаннан кейін тестілеу администраторлары Орталыққа атқарылған жұмыс туралы қағаз және электронды нұсқада толық есеп береді.

Ұлттық бірыңғай тестілеуін  
ұйымдастыру және өткізу  
бойынша нұсқаулыққа  
1-қосымша  
Нысан

**Тестілеу өткізуге ҰБТ өткізу пункттерінің дайындығы туралы  
Акт**

Қала/ауыл \_\_\_\_\_

Уақыты « \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2021 жыл

ҰБТ өткізу пункті \_\_\_\_\_  
(пункт коды мен орналасу орны)

Біз, төменде қол қоюшылар \_\_\_\_\_  
(ЖШС "U-FUTURE" аймақтық тестілеу орталығы)  
атынан \_\_\_\_\_,  
(лауазымы және тегі, аты, әкесінің аты)

\_\_\_\_\_  
Ұлттық тестілеу орталығы филиалының атауы  
атынан \_\_\_\_\_,  
(лауазымы және тегі, аты, әкесінің аты)

Бұл акт \_\_\_\_\_  
(пункт коды мен орналасу орны)

мекенжайында орналасқан ҰБТ өткізу пунктінің тестілеу өткізуге дайындығы туралы  
құрылды.

№	Жабдықтардың атауы	Саны	Тексеру нәтижесі (сәйкес/сәйкес емес)	*Ескерту
1	Аудитория саны			
2	Аудиториядағы орындар саны:			
	1-аудитория			
	2-аудитория			
	3-аудитория			
	4-аудитория			
	5-аудитория			
	6-аудитория			
	7-аудитория			
	8-аудитория			
	9-аудитория			
	10-аудитория			
	11-аудитория			
	12-аудитория			
	13-аудитория			
	14-аудитория			
	15-аудитория			
	16-аудитория			

	17-аудитория			
	18-аудитория			
	19-аудитория			
	20-аудитория			
3	Ұялы байланыс сигналдарын өшіретін құралдардың электромагниттік өрісін өлшеу хаттамасы			
4	1 Гбит/с жылдамдықтағы деректерді беру жылдамдығын қолдайтын құрылымдық кабельдік жүйе			
5	HD 1.3 MP (960p) ажыратымдылығынан төмен емес бейне жазуды қамтамасыз ететін бейнебақылау жүйесі			
6	Деректерді беру жылдамдығы 100 Мбит/с болатын Интернетке арналған арнайы байланыс арналары			
7	VPN-каналының болуы			
8	Рамалы және (немесе) қол металл іздегіш			
9	Бет-әлпетті сәйкестендіру жүйесі: биометриялық деректерді оқуға арналған тұрақты (стационарлы) орнатылған құрылғылар, ақпаратты көрсету үшін диагоналы кемінде 32 дюйм болатын экран			
10	Тестілеу залдарында (аудиторияларда) ауаның оңтайлы температурасына (22-24 0С) салыстырмалы ылғалдылыққа (60-40%) сәйкес келетін желдету жүйесі			
11	Кең жолақты 14 ауқымды стационарлық ұялы байланыс сигналдарын өшіретін құралдар			
12	Су едендік диспенсері (әр аудиторияда)			
13	Тестіленушінің жұмыс орны: - жұмыс орындары арасындағы қашықтықты кемінде 2 м сақтау мүмкіндігі болуы; - компьютерлік стол; - әрбір жұмыс орнында саны – 1 дана бейнебақылау камералары, HD 1,3 MP (960p) рұқсат форматынан төмен емес сапада бейне жазуды қамтамасыз етеді, бұл шолу мен бақылауды жүргізуге мүмкіндік береді: жұмыс орны, фронтальды ракурстан тестіленуші тұлғаның бейнесі; - компьютер: 64 биттік ОЖ-ны қолдайтын жүйелік блок, 3.0 нұсқасын қоса алғанда, USB құрылғыларын қолдау, дыбысты ойнату/жазу құрылғыларын қосу мүмкіндігі (құлаққап, колонка, микрофон), 2 ядролық және одан көп процессор, кемінде 4 ГБ жедел жады, бағдарламалық жасақтама (тестілеу кезінде пайдаланушының рұқсат етілмеген әрекеттерінен қорғалған конфигурацияланған операциялық жүйе, перифериялық драйверлер, Mozilla Firefox 83 және одан жоғары нұсқаларының, Google Chrome 87 және одан жоғары нұсқаларының браузерлерін қолдау); - монитор (диагоналы кемінде 19 дюйм); - клавиатура: қазақ әрпімен; - оптикалық тінтуір: лазерлік / USB.			
14	Тестілеу операторының жұмыс орны: - жүйелік блок (2 ядролық және одан көп процессор, жедел жады көлемі кемінде 4 ГБ, HDD көлемі кемінде 500 ГБ, 64-биттік операциялық жүйелерді (ОЖ) қолдау, 3.0 нұсқасын қоса алғанда, USB құрылғыларын қолдау) бағдарламалық қамтылымы бар (операциялық жүйе, офистік бағдарламалар пакеті, перифериялық құрылғылар драйверлері); - монитор (диагоналы кемінде 19 дюйм);			

	- пернетақта: қазақ әрпімен, оптикалық;			
	- тінтуір: лазерлік/USB, саны – 1;			
	- термопринтер: қағаз түрі - термалды түбіртек қағазы, басып шығару технологиясы - тікелей термалды, қағаз ені (минималдан максимумға дейін) - 58 немесе 80 мм, саны-2.			
	- принтер, сканер, факсимильді құрылғы, көшіру модулі, лазерлік басып шығару технологиясы функцияларын біріктіретін көп функциялы құрылғы (MFP), саны – 1;			
	- байланыс құралы IP телефония, саны-1;			
15	Әрбір тестілеу залында (аудиторияда) тестілеу процесін бейнебақылау бойынша оператордың жұмыс орны: - бейнежазбаларды қарау, өткен оқиғалардың бейнежазбаларын қарау/іздеу, бейнежазбалардың фрагменттерін түсіру/сақтау үшін бағдарламалық-техникалық құралдары;  - диагоналі кемінде 19 дюйм, саны кемінде 2 экран.			
16	Карантиндік шаралар кезінде санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды сақтау үшін әрбір пункт қамтамасыз етілуге тиіс: 1) әлеуметтік қашықтықты сақтау үшін жылжымалы ленталар; 2) кіреберісте тестіленушілердің дене температурасын бақылауға арналған қондырғылар (аспаптар- термометр); 3) дезинфекциялық кілемшелер; 4) кіреберісте, холлдарда, лифтілерге кіреберісте, санитариялық тораптарда тері антисептиктеріне арналған санитайзерлер; 5) жуу құралдары; 6) санитариялық тораптардағы жеке гигиена құралдары (сұйық сабын, дәретхана қағаздары); 7) қозғалыс қарқындылығы байқалатын адамдар көп жиналатын орындарда әлеуметтік қашықтықты сақтау үшін едендегі белгілер арқылы немесе шектеу тіректері арқылы орындарды белгілеу; 8) бактерицидті шамдар немесе рециркуляторлар (әр залда); 9) пайдаланылған медициналық бетперделерге, қолғаптарға арналған қоқыс жәшігі.			

\*Сәйкес болмаған жағдайда "Ескерту" бағанына себебін көрсету қажет.

**Анықталған кемшіліктер:** \_\_\_\_\_

**Анықталған кемшіліктерді жою мерзімдері:** \_\_\_\_\_

Өткізді: \_\_\_\_\_  
(қолы мен ТАӘ)

Қабылдады \_\_\_\_\_  
(қолы мен ТАӘ)

Акт екі данада құрастырылды.

Ұлттық бірыңғай тестілеуін  
ұйымдастыру және өткізу  
бойынша нұсқаулыққа  
2-қосымша  
Нысан

Ұлттық бірыңғай тестілеуді өткізу пунктiнiң  
медициналық-санитарлық шараларға сәйкес болуы немесе болмауы бойынша  
Акт

ҰБТӨП \_\_\_\_\_  
(ҰБТӨП атауы)

Тексеру күні: \_\_\_\_\_ 20 \_\_\_\_ жыл  
(күні, айы)

№	Құралдардың атауы	Саны	Тексеру нәтижесі (сәйкес/сәйкес емес)	*Ескерту
1	Дене температурасын бақылауға арналған аспаптар (термометр)			
2	Бактерицидті шамдар немесе рециркуляторлар (әр залда)			
3	Медициналық маскалар			
4	Медициналық қолғаптар			
5	Медициналық қызметкерлер			
6	Дезинфекциялайтын кілемшелер			
7	Қолданылған маскаларға арналған қоқыс жәшігі			
8	Маскаларды жоюды ұйымдастыру қызметі			
9	Санитайзерлер			
10	Жуу құралдары			
11	Санитариялық тораптардағы жеке гигиена құралдары (сұйық сабын, дәретхана қағаздары);			
12	Дезинфекциялайтын ерітінділер			

\*Сәйкес болмаған жағдайда "Ескерту" бағанына себебін көрсету қажет.